

**"Ғарыштық техника және технологиялар институты"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Бақылау кеңесінің бетпе-бет отырысының
2024 жылғы 23 сәуірдегі
№2 хаттамасынан
№ 2 ҮЗІНДІ**

Атауы: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік).

Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050061, Алматы қ., Кисловодская көшесі, 34.

Дауыс беру қорытындысын жинақтау орны (дауыс беру хаттамасын дайындау): Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Кисловодская көшесі, 34, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Дауыс беру қорытындысын жинақтау күні: 2024 жылғы 23 сәуір.

Дауыс беруді қорытындылау уақыты: 16 сағат 00 минут.

Серіктестіктің Бақылау кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) сырттай отырысын өткізуге «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына және Серіктестік Жарғысының 34-тармағына сәйкес, Серіктестіктің 02 сәуірдегі 2024 жылғы № 01-01-16/177 хаты бастамашылық етті.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдермен сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламалар (Серіктестіктің 12 сәуірдің 2024 жылғы хаттары № 01-01-16/201, № 01-01-16/202, № 01-01-16/203) Кеңестің барлық мүшелеріне жіберілді.

Белгіленген мерзімде Кеңестің 3 мүшесінің үшеуі өз қолдарымен толтырылған дауыс беру бюллетеньдерін ұсынды: Ыбыраев Ерден Қайжанұлы (төраға), Глеубергенов Олжас Жаилқанұлы, Ибраимов Ғалымжан Уалханұлы.

Кеңестің шешім қабылдауы үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

4. Серіктестіктің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саясатын бекіту.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша дауыс беруге қойылған ұсыныстар:

1) «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Серіктестіктің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты бекітілсін;



2) «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы органы Бақылау кеңесінің осы шешімін іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

Дауыс беру:

1. Ыбыраев Е.Қ. - ИЯ.
2. Тлеубергенов О.Ж. - ИЯ.
3. Ибраимов Ғ.У. - ИЯ.

Барлығы:

ИЯ - 3

ҚАРСЫ – 0

ҚАЛЫС ҚАЛҒАН – 0.

Төртінші мәселе бойынша Кеңес мынадай шешім қабылдады:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес, «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Серіктестіктің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты бекітілсін;

2. «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы органы Бақылау кеңесінің осы шешімін іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

Кеңестің хатшысы



Әлиева Б.Қ.

«Ғарыштық техника және
технологиялар институты» ЖШС
Бақылау кеңесінің шешімімен
2024 жылғы «23» сәуірдегі
№2 хаттамасымен
«Бекітілген»

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігінің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару
жөніндегі
САЯСАТЫ**

I. Жалпы ережелер.

1. Осы "Ғарыштық техника және технологиялар институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Институт) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V Заңы, "Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 597 бұйрығы, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-1 Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы, Институттың Жарғысы және Институттың Корпоративтік басқару кодексі, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен Институттың қызметін реттейтін ішкі құжаттарының негізінде және "ҚР СТ ISO 31000-2020, Тәуекел менеджменті. Басшылық нұсқаулар", Трэдвей Комиссиясының демеушілік Ұйымы Комитетінің ұсыныстары (COSO. Кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару) және ISO 37001 "Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі" халықаралық стандарты сияқты ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін құрудың үздік халықаралық тәжірибелері мен стандарттарына сүйене отырып әзірленді.

2. Институтта тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудің маңызды шарты болып табылады және активтерді пайдаланудың барынша тиімділігіне қол жеткізуге, қолайсыз жағдайлар туындаған кезде шығындарды алдын алуға немесе азайтуға, қызмет тиімділігіне тәуекелдердің теріс әсерін жоюға немесе азайтуға, Институттың барлық қызмет бағыттары мен үрдістеріне тән

duf

тәуекелдерді анықтау, талдау мен бағалау, қарастыру, бақылау мен басқарудың логикалық және жүйелік әдістерін қолдануды қамтитын қажетті мәдениет пен инфрақұрылымды белгілеу және дамыту арқылы мүмкіндіктерді іздеу мен инновацияны ынталандыруға бағытталған.

3. Саясат келесі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған:

- Институттың тәуекелдерді басқару жүйесі мен ықтимал жағымсыз оқиғалар мен олардың салдарын болдырмауға немесе азайтуға бағытталған шешімдер қабылдау және жоспарлау үрдістерін жетілдіру;

- қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді уақтылы анықтауға, бағалауға, талдауға, қарастыруға, бақылауға негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз өзара келісілген процесін қамтамасыз ету;

- Институт қызметкерлерінің қолданыстағы заңнама нормаларының және Институттың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

- ресурстарды пайдалану мен бөлудің тиімділігі мен ашықтығын арттыру;

- ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету;

- мүдделі тараптарға Институттың тәуекелдерді тиімді басқаратыны туралы ақылға қонымды кепілдіктер беру.

4. Бұл құжат Институттағы тәуекелдерді басқарудың ұйымдастырушылық жүйесінің саясатын, мақсаттары мен міндеттерін көрсетеді, тәуекелдерді басқару құрылымын, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттерін айқындайды, тәуекелдерді басқару үрдісін жүзеге асыру барысында жүйелі және ретті тәсілін енгізуді қамтамасыз етеді.

5. Осы Саясаттың күші Институт қызметінің барлық түрлеріне қолданысқа енеді. Институттың барлық қызметкерлері Саясатпен танысып оны қолдануға міндетті. Қызметтік міндеттерін жүзеге асыру және қойылған тапсырмаларды іске асыру барысында Институттың әрбір қызметкері осы Саясатты басшылыққа алады.

II. Негізгі терминдер мен ұғымдар.

6. Осы Саясатта тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

тәуекел иесі - өзінің өкілеттіктері мен лауазымдық міндеттеріне байланысты белгілі бір тәуекелдерге ие және оларды басқаруға жауапты Институт қызметкері;

ішкі бақылау - Бақылау кеңесі, Институт басшылығы мен қызметкерлері жүзеге асыратын, қызметтің тиімділігі мен нәтижелігі, сыртқы және ішкі есептіліктің дәйектігін, сонымен қатар, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкестігі жағынан ұйымның мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз үрдіс.

тәуекел картасы - бұл Институттың пайда болуы мүмкін барлық тәуекелдері мен олардың салдарын бағалау барысында қолданылатын құрал;

duf

тәуекел – Институттың өз мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін қолайсыз жағдайлардың немесе оқиғалардың туындау мүмкіндігі.

тәуекел тәбеті - Институт өз мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету шеңберінде қолайлы деп қабылдайтын тәуекел деңгейі (көлемі).

тән тәуекел - бұл тәуекелдің пайда болу ықтималдығын немесе әсер ету дәрежесін өзгерту үшін басшылық тарапынан қандай да бір іс-әрекеттің болмауы кезінде мақсаттарға қол жеткізумен қатар жүретін тәуекел;

тәуекелдерді басқару процесі - бұл Институттың тәуекел Саясатын және заманауи озық тәжірибелерін жүйелі қолдану арқылы бақылау және басқару, кеңес беру, ақпарат алмасу, сыртқы және ішкі дереккөздерді талдау және бағалау, сәйкестендіру, тәуекелге әсер ету, тәуекелді бақылау және қайта қарау жөніндегі шаралар кешені.

қалдық тәуекел - бұл жағымсыз салдардың әсерін және пайда болу ықтималдығын азайту бойынша басшылық қабылдаған шаралардан кейін, оның ішінде тәуекелдерге қатысты бақылау рәсімдерін жүзеге асырғаннан кейін қалатын тәуекел;

тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) - олардың пайда болу себептері мен жағдайларын жою және олардың салдарын барынша азайту мақсатында белгілі бір тәуекелдерге әрекет ету шараларын уақтылы сәйкестендіру, бағалау және әзірлеу жөніндегі іс-шаралар кешені.

III. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру

7. Институттың өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында Институттың Бақылау кеңесі мен басшылығы ұйымдастырушылық саясаттар мен шаралардың, рәсімдердің, мінез-құлық нормаларының, іс-әрекеттердің, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылатын тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады және олар келесі мақсаттарға бағытталған:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Институттың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау;

2) Институт құнының өсуі, пайда табуы және олардың ілеспе тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерім;

3) Қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі және Институттың қаржылық тұрақтылығын сақтау;

4) Институт активтерінің сақталуы және ресурстарының тиімді пайдаланылуы;

5) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және дұрыстығы;

6) Сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтарды болдырмау үшін тиісті ішкі бақылау;

7) негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуін тиімді қолдауды және қызмет нәтижелерін талдауды қамтамасыз ету.

duf

8. Институтта қалыптасқан ТБЖ және ішкі бақылау жұмыскерлердің, басшылықтың, Институт органдарының шешім қабылдау кезінде тәуекел деңгейінің негізділігі мен қолайлылығын түсінуді қамтамасыз етуге, тәуекелдерге және олардың көздеріне тез әрекет етуге, негізгі және қосалқы бизнес-процестер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыруға, сонымен қатар, басшылыққа олар туралы дереу хабарлауды жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруға бағытталған.

9. ТБЖ және ішкі бақылаудың тиімділігі іс-қимылдарды дұрыс ұйымдастыруға, бөлуге және үйлестіруге ықпал ететін үш қорғаныс желісі шеңберінде Бақылау кеңесі мен басшылық (Институттың) бақылауы және басқаруы арқылы қамтамасыз етіледі:

1) қорғаудың бірінші желісі - жедел басқару, яғни Институттың барлық деңгейдегі басшылары және тәуекелдері мен бақылауы бар және процестер мен функцияларды күнделікті басқаратын жекелеген қызметкерлері өз қызметін жүзеге асыру шеңберінде ықтимал салдарларды ескере отырып, тәуекелдерді анықтауды және бағалауды, қарастыру мен әрекет етуді, сондай-ақ тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз етеді. Қызметкерлердің аталған категориясы тәуекелдерді басқару процесінде өз қызметінің негізгі маңызын түсінуі тиіс және әкімшілік-басқарушылық және ұйымдастырушылық қызметтегі елеулі тәуекелдерді уақтылы анықтап, басшылықты хабардар етіп, тәуекелдерді басқару, азайту жолдары бойынша ұсыныстар беруі тиіс. Институт қызметкерлері өздерінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде күнделікті әртүрлі сыртқы және ішкі тәуекелдерге тап болады. Ішкі бақылау процестері тәуекелдерді анықтауға және бағалауға, оларды азайту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға, жеткіліксіз процестерді анықтауға, бақылау мен коммуникациялардың кателері мен кемшіліктерін жоюға, тәуекелдердің туындауы немесе пайда болу қаупі туралы тікелей басшыны уақтылы хабардар етуге, тиісті әрекет ету шараларын қабылдауға және т.б. арналған. Басшылар қорғаудың бірінші желісінің ұйымдастырылуы мен қызметі үшін жауапты.

2) қорғаудың екінші желісі - тәуекелдерді басқарудың әртүрлі функцияларын орындайтын дербес құрылымдық бөлімшелер/қызметкер, комплаенс-офицер және т. б., кеңес беруді, тәуекелдерді қарастыру мен бақылауды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруді, басқарудың тиімділігін қадағалауды қоса алғанда, Институтта тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процесін жалпы үйлестіру арқылы басшылыққа қолдау көрсететін Институттағы тәуекелдер мен бақылау қызметі. Екінші қорғаныс желісінің құрылымдық бөлімшесі немесе қызметкері, әдетте, бірінші қорғаныс желісінен оқшауланған, дегенмен Институт басшылығының бақылауында және басқаруында болады және әдетте жеке басқару функцияларын орындайды. Тәуелсіздік пен объективтілікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару функциясына жетекшілік ететін басшы экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыландыруға, қазынашылыққа, инвестициялық шешімдер қабылдауға байланысты қызметке тартылмауға тиіс.



3) қорғаудың үшінші желісі (тәуелсіз қызмет) - тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды, сонымен қатар, ішкі бақылау және аудит саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын және корпоративтік стандарттарды қолдана отырып, корпоративтік басқаруды бағалауды жүргізетін Институттың ревизоры. Ішкі бақылау және аудит тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау мен тиімділігін арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолданады, мерзімді негізде Институттың Бақылау кеңесі мен басшылығына бөлімшелер мен Институттың өз тәуекелдерін қаншалықты тиімді бағалайтыны және басқаратыны туралы тәуелсіз пікір береді, өйткені олардың тиімді жүзеге асырылуы жалпы қызметтің табысты болуына, яғни Институт алдына қойылған міндеттерге қол жеткізуіне ықпал етуі мүмкін. Үшінші қорғаныс желісінің міндеттеріне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ұйымдастырушылық басқару процестерінің дұрыс жұмыс істейтіндігін анықтау, яғни тәуекелдерді уақтылы анықтау және басқару міндеттеріне қол жеткізу жатады. Өзге қызметтермен қатар, ішкі бақылау және аудит корпоративтік басқарудың, тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімділігі мен ұтымдылығына кепілдік береді. Ішкі бақылау және аудит жұмысының көлемі операциялық қызметтің және ұйымның басқа да белсенділігінің барлық аспектілерін қамтуы мүмкін, бұл ұйымдық тәуелсіздік пен объективтіліктің жоғары деңгейі. Ішкі бақылау және аудит оның тәуелсіздігі мен кәсібилігіне ықпал ететін белгілі бір жағдайларды қамтамасыз ете отырып, тиімді корпоративтік басқаруға ықпал етеді. Осыған сүйене отырып, ішкі бақылау және аудит бөлігінде кәсіби қызметті енгізу және дамыту Институт үшін басымдық болып табылады, өйткені қорғаудың осы үшінші желісі корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

10. ТБЖ және ішкі бақылаудың негізгі мақсаты ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың (оқиғалардың) әсер ету дәрежесін бақылау және азайту арқылы Институттың тұрақты қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

Институттың ТБЖ және ішкі бақылауының негізгі міндеттері:

- тәуекелдерді ескере отырып, стратегиялық және тактикалық жоспарлау;

- операциялық және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер ететін оқиғалар мен жағдайларды анықтау және бағалау;

- тәуекелдердің операциялық және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу ықтималдығы мен теріс әсерін азайту бойынша алдын алу және түзету іс-шараларын енгізу және іске асыру;

- Институт басшылығы мен мүдделі тараптарды қауіптер мен олардың пайда болу мүмкіндіктері жайлы уақтылы хабардар ету;

Сонымен қатар, ТБЖ және ішкі бақылау міндеттеріне мыналар жатады:

- тәуекелдерді бақылау жөніндегі іс-шаралардың мониторингі;

- процестер мен функциялардың тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқару;



- басқарушылық шешімдер қабылдау кезіндегі тәуекелдер туралы толық ақпаратпен қамтамасыз ету;
- тәуекел тізілімі мен карталарын қалыптастыру және мониторингілеу;
- негізгі тәуекел индикаторлары жүйесін (KRI) құру және басқару;
- сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтардың жолын кесу;
- Институттың нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру.

ТБЖ және ішкі бақылау шеңберінде Институтта Бақылау кеңесін, ревизорды және басқа да уәкілетті тұлғаларды Институттың кез келген қызметкері мен лауазымды адамының Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік әдеп кодексін бұзу фактілері туралы хабардар етудің қолжетімді, қауіпсіз және құпия тәсілі ұйымдастырылды.

11. ТБЖ қатысушылары мен мүдделі тараптары. ТБЖ қатысушылары Институтты басқарудың барлық деңгейінде ұсынылған және қатысушылардың келесі категорияларын қамтиды:

- Институттың жоғарғы органы.
- Бақылау кеңесі
- Институттың атқарушы органы.
- Комиссиялар, Институттың жұмыс топтары;
- Институттың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері;
- Институттағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелеріне жауапты Институттың құрылымдық бөлімшесі/қызметкері;
- Ревизор.

12. Институттың Бақылау кеңесі тәуекелдерді басқарудың қажетті процестерінің бар-жоғын және бұл процестердің орынды және тиімді екендігін анықтайтын қадағалаушы органның рөлін атқарады.

13. Бақылау кеңесі ТБЖ және ішкі бақылауды ұйымдастыру, сондай-ақ Институтта тәуекелдерді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- Институттың және оның қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша жауапкершілігін анықтау;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттарды бекіту;
- Институттың тәуекел-тәбетінің жалпы деңгейін бекіту;
- Институт тәуекелдерінің тізбесін талдау және оларға Институттың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға әсер ету ықтималдығы жоғары тәуекелдерді қосуды қамтамасыз ету, ал тәуекелдерге әрекет ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылау кезінде іс-шаралардың оңтайлы және саналылығына көз жеткізу;
- негізгі тәуекелдер туралы ақпаратты талдау, оларды Институттың даму жоспарларына әсер ету тұрғысынан бағалау;
- тәуекелдер картасын, тәуекелдер тізілімін және тәуекелдерге әрекет ету жөніндегі Институттың жекелеген іс-шаралар жоспарларын бекіту (процестерді қайта қарау және өзгерту, азайту стратегиялары және т. б.);

duf

- сыртқы және ішкі аудит қорытындыларының және Институт тәуекелдері бойынша өзге де есептердің нәтижелерін қарауды және талқылауды қоса алғанда, тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға қатысты Институт қызметіне мониторинг жүргізу;

- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша Институт жұмысының тиімділігін бағалау.

14. Институттың атқарушы органы Институтта осы Саясатты іске асыруға жауапты.

15. Ішкі бақылау қағидаттарын іске асыру және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Институттың атқарушы органы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті төмендегі деңгейдегі басшылардың және/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшыларының арасында бөледі.

16. Институттың атқарушы органы тәуекелдерді басқару және Институттың ішкі бақылау мәселелері жөніндегі қызмет шеңберінде мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) Бақылау кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз ету;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді жұмыс істеуін тәжірибе жүзінде іске асыру және оған бекітілген тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау қағидаттарын, рәсімдерін үздіксіз жүзеге асыру жолымен қамтамасыз ету;

3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру бойынша Бақылау кеңесінің шешімдері мен ұсынымдарының орындалуын қамтамасыз ету;

4) Институттың ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ТБЖ мониторингін және ішкі бақылауды жүзеге асыру;

5) Институт қызметінің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз ету;

6) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелеріне қатысты сыртқы және ішкі аудит қорытындыларының есептерінің нәтижелерін қарау және өз құзыреті шеңберінде тиісті шешімдер мен шаралар қабылдау;

7) Бақылау кеңесіне бекіту үшін тәуекелдерді басқару саясатын, рәсімдерін және жүйесін дамыту жөніндегі тәуекелдерді басқару мәселелеріне жауапты Институттың құрылымдық бөлімшесінің/қызметкерінің ұсыныстарын қарау;

8) тәуекелдерге әрекет ету жөніндегі іс-шараларды бекіту;

9) Бақылау кеңесіне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша есептер беру;

17. Институттың атқарушы органы тәуекел иелері мен тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды қабылдауға жауапты тұлғалар айқындалатындай жауапкершілік пен есеп беру құрылымын құруды қамтамасыз етеді.

18. Институттың атқарушы органы тәуекелдерді басқаруға жауапты және есеп беретін адамдарға жәрдемдесу үшін қажетті ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктер мен міндеттемелерді өзіне қабылдайды, Институтта тәуекел-мәдениетті арттыруға жәрдемдеседі.

19. Тәуекелдерді басқару мәселелеріне жауапты Институттың құрылымдық бөлімшесі/қызметкері Институттағы тәуекелдерді басқару процесін үйлестіруді, Институт деңгейіндегі барлық ТБЖ қатысушыларына тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша қажетті талдауды және әдіснамалық қолдауды қамтамасыз ететін ТБЖ негізгі қатысушысы болып табылады.

Тәуекелдерді басқару мәселелеріне жауапты Институттың құрылымдық бөлімшесі/қызметкері келесі қызметтерді орындайды:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін жалпы үйлестіру;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеу;

3) өздерінің қызметіне тән тәуекелдерді және ықтимал салдарды анықтау және бағалау, сондай-ақ ішкі бақылау мәселелері бойынша процестер мен қызметтердің иелері болып табылатын Институттың барлық деңгейдегі қызметкерлермен және басшылармен өзара іс-қимыл жасау;

4) тәуекелдерді айқындау, бағалау, тәуекелдерге әрекет ету және бақылау рәсімдерін жетілдіру жөніндегі тәсілдерді қоса алғанда, тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Институт қызметкерлеріне әдіснамалық және консультациялық қолдау көрсету;

5) Институттың тәуекел-тәбетінің жалпы деңгейін есептеу және Институттың негізгі тәуекелдеріне қатысты төзімділік деңгейлерін айқындау;

6) Институттың тәуекел-тәбетінің жалпы деңгейіне қол жеткізудің мерзімді мониторингі;

7) Институттың іске асырылған және әлеуетті тәуекелдерінің дерекқорын (портфелін) жүргізу, Институттың тәуекелдеріне елеулі әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды қадағалау;

8) Институттың тәуекелдер тізілімін және тәуекелдер картасын қалыптастыру және мерзімді қайта қарау;

9) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, олардың орындалуы жөніндегі есептерді қалыптастыру;

10) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру;

11) тәуекелдер портфелін талдау және тиісті тәуекелдерді басқаруға қатысты ресурстарды әрекет ету және қайта бөлу стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу;

12) Институттың атқарушы органы мен Институттың Бақылау кеңесі үшін тәуекелдер бойынша жиынтық есепті қалыптастыру;

13) Институттың атқарушы органын және Институттың Бақылау кеңесін тәуекелдерді басқару жүйесінің мәртебесі, бар қауіптер және



олардың алдын алу / тегістеу жөніндегі ұсыныстар туралы мерзімді хабардар ету;

14) Институтта тәуекелдер және ішкі бақылау туралы ақпарат алмасу, аудиторлық тексерулердің нәтижелерін талқылау бойынша Институт ревизорымен өзара іс-қимыл жасау.

IV. Тәуекелдерді басқару үрдісі

20. Институттың тәуекелдерді басқару үрдісінің негізі оның ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі принциптерімен, қызмет үрдістерімен интеграциялануы және әр қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне қатысуы болып табылады.

21. Ұйымның тәуекелдерін басқару - бұл Бақылау кеңесі, басшылық және басқа жұмыскерлер жүзеге асыратын, стратегияны әзірлеу кезінде басталатын және ұйымның барлық қызметіне әсер ететін үрдіс. Ол ұйымға әсер етуі мүмкін оқиғалар мен жағдайларды анықтауға және осы оқиғаларға байланысты тәуекелді басқаруға, сондай-ақ ұйымның тәуекел тәбетінен асып кетпеуін бақылауға және ұйымның мақсаттарына қол жеткізуге саналы кепілдік беруге бағытталған.

22. Тәуекелдерді басқару процесі Бақылау кеңесі мен атқарушы органның атынан Институт басшылығының стратегиялық мақсаттарды таңдау мен қалыптастырудың дұрыс ұйымдастырылған үрдісіне ие екендігіне "ақылға қонымды" кепілдік береді. Мақсаттар оларға қол жеткізуге әсер етуі мүмкін оқиғалар мен жағдайларды анықтау басталғанға дейін айқындалуы қажет және олар ұйымның миссиясын/көзқарасын қолдап, оған сәйкес келуі керек және оның тәуекел тәбетінің деңгейіне сәйкес келуі қажет.

V. Тәуекел-тәбет деңгейін есептеу (анықтау) және бақылау

23. Стратегиялық мақсаттарды (дамудың стратегиялық бағыттарын) айқындағаннан кейін, Институт әрбір қаржы жылына Институттың алға қойған мақсаттарын ескере отырып, қолайлы тәуекел-тәбет деңгейін айқындайды және бекітеді.

24. Институттың тәуекел-тәбетінің деңгейі (көлемі) ұйымның сыни тәуекелдер деңгейінің жоғарғы шегімен және/немесе қолда бар қаржылық шектеулермен айқындалуы мүмкін және сандық не сапалық көрсеткіштерді де қамтуы мүмкін. Институттың тәуекел-тәбетінің деңгейі (көлемі) қызметтің стратегиялық мақсаттарының өзгеруін, сондай-ақ Институттың даму жоспарының негізгі көрсеткіштерін ескере отырып, мерзімді түрде қайта қаралуы мүмкін.

25. Институттың тәуекел-тәбетінің сандық деңгейін есептеу кезінде жоспарланған қаржылық көрсеткіштер қолданылады және ұйымның қаржылық тұрақтылығын бұзбайтын (өтімділік қоры және теріс оқиғалар мен іске асырылған тәуекелдерден шығындар мен залалдар туындаған жағдайда оларды жабу үшін қаражаттың жеткіліктілігі) және Институттың

мақсаттарына қол жеткізуіне қатты әсер етпейтін тәуекел-тәбеттің (ықтимал шығындардың) деңгейі (көлемі) айқындалады.

26. Институттың тәуекел-тәбет көрсеткіштерінің деңгейіне (көлеміне) қол жеткізу мәселесіне мониторинг тоқсан сайын, сондай-ақ жағымсыз оқиғалар мен іске асырылған тәуекелдердің салдарынан болған шығындар мен залалдарды жабуға байланысты жағдайлар туындаған жағдайда жүргізіледі.

27. Институттың тәуекел-тәбет деңгейінің (көлемінің) мониторингінің көрсеткіштері мен нәтижелерін Институт басшылығы басқару шешімдерін қабылдау кезінде және тәуекелдерді басқару жөніндегі қызмет шеңберінде ескереді.

VI. Тәуекелдерді басқару.

28. Институтта тәуекелдерді басқару процесі "ҚР СТ ISO 31000-2020, Тәуекел менеджменті. Басшылық нұсқаулар", "COSO. Кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару" әдістемесі, сонымен қатар, ISO 37001 "Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі" стандарты арқылы құрылады.

Интеграцияланған модель келесі компоненттерді қамтиды:

- 1) ортаны анықтау;
- 2) тәуекелді анықтау;
- 3) тәуекелді талдау және бағалау;

4) тәуекелге әрекет ету; 1 COSO – Тредвей Комиссиясының демеушілік ұйымдарының Комитеті (COSO) ұйымдардың тәуекелдерін басқарудың интеграцияланған моделін (COSO ERM) әзірлеген және бұл модель ұйымдар қызметінде туындайтын тәуекелдерді жақсы ұғып, басқара алатын және азайта алатын құрал болып табылады.

5) Ақпарат және коммуникациялар;

6) Мониторинг және шолу.

29. Ортаны анықтау дегеніміз ұйымдағы атмосфера мен қызметкерлердің тәуекелді қалай қабылдайтынын және оған қалай жауап беретінін білдіреді. Оған тәуекелдерді басқару философиясы және тәуекел-тәбет, адалдық және этикалық құндылықтар мен олардың ортасы кіреді. Ішкі орта бақылау ортасына ұқсас, мұнда ішкі бақылауға деген көзқарас және жоғары басшылықтың басқару стилі бақылау ортасының күшті жақтарын анықтайтын факторлар болып табылады. Осылайша Институт басшылығы қызметкерлердің тәуекелдерді түсінуін және тәуекелдерді басқару жауапкершілігін арттыратын ішкі ортаны құруды қамтамасыз етеді.

30. Тәуекелді анықтау осы тәуекелдердің иелері болып табылатын құрылымдық бөлімшелер, ұйым қызметкерлері белгілі бір тәуекелге әсер етуі мүмкін тәуекелдер мен мақсаттарды анықтауды, шолуды, сипаттауды қамтиды.

1) тәуекелді анықтау Институттың жоспарлаған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің әсеріне ұшырау жағдайын айқындау деген сөз.

2) Институттың тәуекелдерді басқару жүйесі оқиғалар мен тәуекелдердің кең спектрін анықтауға, оларды кешенде қарастыруға бағытталған, бұл қызметке тән тәуекелдер мен ықтимал салдарлар бойынша тұтас көріністі алуға ықпал етеді.

3) Институт барлық құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерінің қатысуымен ұйымның өз қызметінде кездесетін немесе тап болуы мүмкін және оның басталуы Институт жоспарлаған тактикалық және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін оқиғалар мен тәуекелдерді анықтауды тұрақты негізде жүргізеді.

4) тәуекелдерді айқындау үшін қойылған мақсаттар мен міндеттер негізінде тәуекелдерді анықтау, бөлімше басшыларын, процестер мен қызмет иелерін талқылау, сұхбаттасу, болған оқиғалар мен келтірілген залалдардың тарихи деректерін пайдалану және т. б. түрлі әдістемелер мен құралдардың үйлесімі пайдаланылады.

5) айқындалған тәуекелдер Тәуекелдер тіркелімі нысанында жүйеленеді. Тәуекелдер тізілімі - бұл ұйымның қызметінде кездесетін негізгі тәуекелдердің тізімі. Тәуекелдер Тізілімінде әрбір тәуекел теріс салдардың туындауы мүмкін тәуекел түрінде ұсынылады, осы тәуекелдің іске асу ықтималдығы белгіленеді (тәуекелді бағалау кезеңінде айқындалады), тәуекел иелері айқындалып, олардың қатысуымен тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар қарастырылады. Тәуекел тіркелімі жаңа тәуекелдер анықталуына қарай Институттың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпараты негізінде толықтырылады.

6) тәуекелдерді бағалау мен оларға әрекет етудің қосымша тәсілдерін жүйелеу және бірыңғайлау мақсатында барлық анықталған түйінді тәуекелдерді Тәуекелдер тізілімінде "Стратегиялық тәуекелдер", "Операциялық тәуекелдер", қаржылық тәуекелдер мен есептік тәуекелдер" және "Талаптарға сәйкес келмеу тәуекелдері" (Комплаенс тәуекелдер) санаттарына сәйкес топтастырған абзал.

31. Тәуекелді талдау және бағалау. Тәуекелді талдау және бағалау тәуекелдерді үш жағынан қараудан тұрады: тәуекелдің пайда болу мүмкіндігі, егер оқиға орын алса, әсер ету ықтималдығы және жеке бөлімшелер мен тұтастай ұйымға тән тәуекелдердің өзара байланысы.

1) тәуекелдерді бағалау тәуекелдің туындау ықтималдығын бағалауды (тәуекелдің туындау жиілігін), тәуекелдің маңыздылығын бағалауды (оларды іске асыру кезіндегі жағымсыз салдарларды және олардың маңыздылық дәрежесін) және осы тәуекелдің әсер ету уақытын (егер тәуекел орын алған болса, ұйымның жағдайды түзетуге/жақсартуға уақыты бар ма) қамтиды.

2) барлық анықталған және бағаланған тәуекелдер Тәуекелдер тізілімінде де, Тәуекелдер картасында да көрсетіледі. Тәуекел картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ аса маңызды және оларды басқару бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеуді қажет ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

3) барлық айқындалған және бағаланған тәуекелдер Тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекел картасы Институттың анықталған және бағаланған тәуекелдерінің графикалық және мәтіндік сипаттамасы, олар тікбұрышты кестеде орналасқан, оның бір "осі" оның пайда болу/іске асырылу ықтималдығы, ал екіншісі тәуекелдің басталуынан болатын жағымсыз салдарлардың дәрежесі көрсетіледі. Картада ықтималдық тік осьте (ординат), ал тәуекелдің басталуынан/іске асырылуынан болатын салдар көлденең осьте (абсцисса) немесе керісінше көрсетіледі. Бірінші жағдайда, тәуекел ықтималдығы тік ось бойымен алға жылжу кезінде төменнен жоғары қарай артады, ал тәуекелдің әсері (салдары) көлденең ось бойымен солдан оңға қарай артады. 0 – ден 1,0 – ге дейінгі ықтималдық диапазоны кестенің 3 аймағына (сегментіне) бөлінеді (болжам бойынша: 0 – ден 0,2-ге дейін - екіталай; 0,21-ден 0,65-ке дейін-мүмкін; 0,65-тен жоғары және 1,0-ге дейін – ықтималдығы жоғары). Жоспарланған қаржылық көрсеткіштер мен тәуекел-тәбеттің (жол берілетін шығындардың) өзекті деңгейін (көлемін) ескере отырып, сараптамалық жолмен қауіптілік (салдар) критерийлері мен ауқымы – шығындардың шкаласы мен өлшем бірліктері айқындалады.

4) анықталған және бар тәуекелдер (тәуекел факторлары) түсетін матрицаның секторына байланысты картадан олардың қай тәуекел аймағына жататынын көруге болады ("қауіпті емес", "рұқсат етілген" - қолайлы және "қауіпті"). Тәуекел картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ аса маңызды және азайту және бақылау шараларын әзірлеуді қажет ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

5) Жалпы, тәуекелдерді бағалау Институт қызметіне теріс әсер етуі мүмкін неғұрлым маңызды (түйінді) тәуекелдерді айқындап, Институттың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және оларды барынша азайту жөніндегі тиісті шараларды әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

32. Тәуекелге әрекет ету тәуекелді іске асыру ықтималдығын азайту немесе пайда болған тәуекел салдарының теріс әсерін азайту мақсатында Институттың әртүрлі деңгейлерінде басқарушылық шешімдер қабылдауды білдіреді. Тәуекелді бағалай отырып, тәуекел иесі оған қалай жауап беру керектігін анықтайды. Институт әрекет ету тәсілдерінің әрқайсысы әкелетін шығындар мен пайданы өлшеп, содан кейін ғана ұйымның тәуекел тәбетінің деңгейін ескере отырып, қолданылатын стратегияға қатысты шешім қабылдауы керек. Тәуекелге әрекет ету тәуекелді іске асыру ықтималдығын төмендетуге және/немесе тәуекел іске асырылған жағдайда жағымсыз салдарларды барынша азайтуға бағытталуы тиіс.

Қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелге әрекет ету мынадай әдістерді қамтиды:

- тәуекелден жалтару;
- тәуекелді азайту;
- тәуекелді беру (қайта бөлу);
- тәуекелді қабылдау (сақтау).

Алф

Тәуекелден жалтару - тәуекелдің пайда болу көзі болып табылатын қызметті жалғастыруға қарсы немесе тоқтата тұруға/тоқтату жөнінде шешім қабылдау. Тәуекелден жалтару филиалдың, өкілдіктің жабылуын, жобаға, бағдарламаға қатысудан бас тартуды және т. б. қамтуы мүмкін.

Тәуекелді азайту - тәуекелді төмендету жолын іздеу, оның ішінде қосымша бақылаулар мен бақылау рәсімдерін енгізу, алдын алу іс-шараларын пайдалану және тәуекелді іске асыру жағдайындағы іс-қимылдарды жоспарлау арқылы, бұл тәуекелді іске асыру ықтималдығы дәрежесінің төмендеу жағына қарай өзгеруіне және тәуекелді іске асырудан туындау себептерінің немесе зардаптарының өзгеруіне әкеп соғады.

1) тәуекелді азайту әдістері тәуекелдің туындау мүмкіндігін және оның салдарын (залалдарын) азайтуға бағытталған рәсімдер мен процестерді енгізуді көздейді.

2) тәуекелді азайту әдістері мынадай әрекеттерді қамтуы мүмкін:

- бизнес-процестерді талдау және қажетті бақылау рәсімдерін анықтау/енгізу және жауапкершілік салаларын белгілеу арқылы белгілі бір тәуекелдің басталуына әсер ететін процестерге ішкі бақылауды күшейту (мысалы, жауапкершілікті тағайындау, міндеттерді бөлу, салыстыру, салыстыру және т. б.);

- тәуекелді азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық іс-шаралар (түсіндірме әңгімелер; техникалық құралдарды пайдалану және т. б.);

- Институттың уәкілетті қызметінің заңнаманың өзгеруіне мониторинг жүргізуі;

- нәтижелері бойынша түзету шаралары қабылданатын жоспарлы көрсеткіштердің орындалуын мониторинг жүргізу кезеңділігі;

3) Егер тәуекелдерді азайту және бақылау бойынша қолданылатын әдістер шығындармен байланысты болса және бұл шығындар елеулі болып табылса, мынадай талдау жүргізіледі:

- бұл іс-шаралар қаншалықты қажет және оларды тәуекелдерді ұстап қалу және/немесе қаржыландыру (ауыстыру) арқылы азайтуға бола ма;

- тәуекелдерді ұстап қалу/тасымалдау құнымен салыстырғанда іс-шаралар шығындарының баламалы құны қандай.

4) тәуекелді барынша азайту бойынша іс-шаралар:

- қолайсыз оқиғаның басталуының алдын алу – белгілі бір тәуекелдің пайда болу ықтималдығын азайту;

- болған оқиғаның әсер ету дәрежесін бақылау - тәуекел туындаған жағдайда теріс салдарлардың мөлшерін азайту;

Тәуекелді беру (қайта бөлу) - тәуекелдің бір бөлігін беру немесе өзге де бөлу есебінен тәуекелдің ықтималдығын және/немесе әсерін азайту.

1) тәуекелді беру (қайта бөлу) мынадай құралдарды қамтиды:

- сақтандыру (сақтандыру полисін сатып алу);



- келісімшарт бойынша тәуекелді ауыстыру (тәуекел үшін жауапкершілікті контрагентке ауыстыру);
- тәуекелдерді берудің (тасымалдаудың) өзге де балама әдістері. Тәуекелді ауыстыру / беру тәуекелдің өзін жоймайды, сонымен қатар бұл құралдардың басты ерекшелігі тәуекел үшін "төлемнің" болуы, яғни бұл сәйкесінше Институттың қызметіне теріс әсерін азайту мақсатында осы құралды оңтайлы қолдануды талап етеді.

Тәуекелді қабылдау (сақтау). Тәуекелді қабылдаған кезде жағымсыз оқиғаның ықтималдығын немесе әсерін азайту үшін ешқандай әрекет жасалмайды. Тәуекелді қабылдау оның деңгейі Институт үшін қолайлы екенін білдіреді, атқарушы орган мен Бақылау кеңесі оның пайда болу мүмкіндігін қабылдайды. Әдетте, бұл әрекет ету әдісі тәуекел ықтималдығы мен оның салдары аз және маңызды емес болған жағдайда қолданылады, оны қабылдауға болады, өйткені тәуекелді азайту шығындары осы тәуекелдің әсерінен болатын максималды шығындар көлемінен асып түседі.

VII. Ақпарат және коммуникациялар

33. Ақпарат және коммуникация тәуекелдерді басқару процесінің құрамдас бөлігі ретінде тәуекелдер бойынша қажетті ақпараттың қызметкерлерге қызметтік міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін нысанда және мерзімдерде анықталуын, тіркелуін және берілуін қамтамасыз етеді. Ұйым шеңберінде тиімді ақпарат алмасу да жүзеге асырылады: жоғарыдан төменге және төменнен жоғарыға тігінен де, көлденеңінен де.

Тәуекелдерді тиімді басқару институттың тиісті басшылары мен қызметкерлеріне тәуекелдерге қатысты барлық маңызды ақпаратты уақтылы жеткізу арқылы қамтамасыз етіледі. Ақпарат алмасу қызметі Институттың барлық бөлімшелерін қамтиды.

34. Институттың құрылымдық бөлімшелері әрбір осындай жағдай бойынша тәуекелдер мен шығындардың туындау себептеріне талдау жүргізу, сондай-ақ болашақта осындай оқиғалардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдау және ақпаратты Тәуекелдер тізіліміне енгізу мақсатында іске асырылған тәуекелдер мен орын алған залалдар туралы тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімшеге/қызметкерге тұрақты мониторинг жүргізеді және хабарлайды.

VIII. Мониторинг және шолу

35. Мониторинг және шолу тәуекелдерді басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде тәуекелдерді басқару жүйесінің, соның ішінде қолданыстағы басқару әдістері мен тәуекелдерді бақылау құралдарының болуы мен тиімділігін бағалауды, қажет болған жағдайда оны өзгертуді және жетілдіруді қамтамасыз етеді.

duf

"Мониторинг" деген Институттың тәуекелдерді басқару процесінің барлық басқа компоненттерін қадағалау болып табылады.

36. ТБЖ мониторингінің тетіктері Институттың тиімділігін арттыру тұрғысынан тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы үрдісі әлі де құнды ма, жоқ па, соны анықтауға арналған.

37. Мониторинг және шолу Институт басшылығының (Бақылау кеңесі, атқарушы орган) ағымдағы қызметі шеңберінде, оның ішінде тәуекелдер жөніндегі есептерді, Институтта жүргізілетін бағалау нәтижелерін, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудит қорытындыларын және Институттағы тәуекелдерді басқару мәселелерін қамтитын өзге де есептерді қарау және талқылау жолымен жүзеге асырылады. Осылайша, ұйымның тәуекелдерді басқару үрдісі бақыланады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

IX. Қорытынды ережелер

38. Осы Саясат бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

39. Осы саясаттың талаптарын орындауға Институттың барлық қызметкерлері жауапты.

40. Осы Саясаттың аясында реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына, Институт Жарғысына, оның ішкі құжаттарына, сонымен қатар, өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған Институт басшылығының шешімдеріне сәйкес шешіледі.

Кеңестің хатшысы



Әлиева Б.К.